

**МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ «ОЯН ҚАЗАҚ!»
КІТАБЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕЙБІР
ӨЛЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ**

*Damira İBRAGİM**

ÖZET

Mircaqıp Duwlatulı, бүтүн hayatını Kazaklar milletinin refahı uğruna adamış, ömrünün sonuna kadar bu yolda canını hiçe sayarak mücadele vermiş, Çarlık Rusya İmparatorluğu tarafından birkaç kez tutuklanıp daha sonra da Stalin döneminde idam edilmiş büyük Kazak aydınıdır. Hem şair, hem yazar, hem düşünür olan bu büyük devlet adamı M.Duwlatulı 25 Kasım 1885 yılında o zamanki Kazakistan'ın Torğay iline bağlı Sarıkopa'da zanaatkâr Duwlat'ın ailesinde dünyaya gelmiştir.

Şairin en meşhur eseri “Uyan, Kazak!” 1909 yılında yayımlandıktan hemen sonra tekrar toplatılmış ve yayını yasaklanmıştır. Şair bu eserinde Türkistan halkını uyanışa davet eden şiirlerini toplamıştır. Çarlık Rusya'nın baskısından, Kazaklar'ın farkında olmadan öz benliklerinden uzaklaşmakta olmasından dert yanan Duwlatulı, aşikar bir şekilde halkı geçmişinden ders almaya çağırmıştır. Şair, “Mescid medrese hakkında”, “Müderriş efendiye mektup”, “Kazak halkına dini bir vaaz” gibi şiirlerinde halk kültürü ile birlikte dini tahsilin o günün şartlarındaki ehemmiyetini vurgulamıştır.

Bu çalışmada M.Duwlatulı'nın bugüne kadar hiç üzerinde durulmamış İslam hakkındaki görüşleri şiirleri eksenli tahlil edilmiştir.

Anahtar Kelimeler: Kazak edebiyatı, Mircaqıp Dulatulı, Uyan Kazak, İslam.

* Yrd. Doç. Dr. Fatih Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları, cansayaomirzah@hotmail.com

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

**ANALYSIS OF MIRJAKYP DULATOV'S SOME POEMS
ABOUT ISLAM****ABSTRACT**

Mirjakyp Dulatuly (1885-1935), who was a poet, a writer and at the same time a famous statesman, has laid down his life for serving Kazakh people. M. Dulatuly has struggled without giving importance to his personal life for prosperous future of his nation. He was arrested for several times by Tsardom Russia, and then he was executed in Stalin era in consequence of "massacre of intellectuals" policy.

Publication of his well-known work "Wake Up Kazakh!" was banned in Soviet era, because of that "it was not only provoking the Kirghiz (Kazakh) people against Russian government's politics but also disseminating the idea of Panislamism." This book has met with Kazakh readers again in 1992. In "Wake Up Kazakh!", which is efficient in the revival of national consciousness, M. Dulatuly explained the importance of learning and some matters about the world and afterlife. In his poems like "About Masjid and Madrasah", "A Religious Sermon to Kazakh People", "Letter to Professor Mr. Z." etc., he stressed that Islamic principles should be cared.

In this article, M. Dulatuly's Islamic ideas which has not been studied yet, will be examined on the basis of his poems in the book of "Wake Up Kazakh!".

Key Words: Kazakh Literature, Mircaqyp Dulatuly, Wake Up Kazakh, Islam.

Резюме

Известный казахский поэт, прозаик и государственный деятель Мыржақып Дулатұлы (1885-1935) всю свою жизнь посвятил служению своему народу. Во время царской России М. Дулатұлы был несколько раз арестован, а в период сталинских репрессий в результате политики "уничтожения интеллигенции" был приговорён к смерти. Его

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

знаменитое произведение “Проснись, Казах!” становится запрещённым в годы Советской власти. Этот запрет был снят только в 1988 году.

В этом произведении, повлиявшем на национальное сознание казахов, подчёркивается важность образования и науки и отражаются темы, связанные с этим и иным миром. В таких стихотворениях как «О мечети и медресе», «Религиозное воззвание к казахскому народу», «Письмо учителю медресе» особенно обращается внимание на то, что необходимо учитывать основы Ислама.

В нашем докладе будут проанализированы его взгляды на Ислам, которые на сегодняшний день пока ещё недостаточно изучены.

Ключевые слова: казахская литература, Миржакуп Дулатұлы, Проснись, Казах, ислам.

Түйін

Ақын, жазушы әрі арынды мемлекет қайраткері Міржақып Дулатұлы (1885-1935) – бар саналы ғұмырын туған халқына қызмет жолында сарп еткен біртуар тұлға. Ұлтының жарқын болашағы үшін жанын аямай күрескен М.Дулатұлы Ресей патшалық империясы тұсында бірнеше рет тұтқындалып, ақырында Сталиннің озбыр саясаты салдарынан дүниеден өткен.

Оның «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағының әдеби туынды ретінде ғана емес, жалпы қазақ халқының рухани дүниесін бейнелеуі тұрғысынан алар орны ерекше. Алайда «Оян, қазақ!» өлеңінің жариялануына «орыс үкіметінің саясатына қырғыздардың наразылығын өршітуге бағытталған және панисламизм идеясын қуаттайды» деген желеумен Кеңестік дәуірде тыйым салынып, 1988 жылы, ақын ақталған соң, оқырманмен қайта табысты. Ұлттық сананы оятуды көксеп жазған өлеңдерінде ақын туған халқын ілім үйренуге үндей отырып, дүниеде қажетті өнермен қатар ақыреттік азықты жинаудың маңыздылығына назар аударады. «Мешіт-медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Мүдәрис З.. әфәндіге жазған бір мәктүбүм» т.б. сияқты

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

діни сарындағы өлеңдері – қазақ арасындағы ислам жайлы М.Дулатұлы ойларының тек бір парасы.

Осы мақалада Міржақып Дулатұлының өзі өмір сүрген ортадағы ислам дінінің ахуалы, қазақтың дінді ұстануы, исламның үйретілу жайы хақындағы өлеңдері негізге алына отырып талданады.

Кілт сөздер: Қазақ әдебиеті, Міржақып Дулатұлы, Оян қазақ, ислам

Ақын, жазушы әрі арынды мемлекет қайраткері Міржақып Дулатұлы (1885-1935) – бар саналы ғұмырын туған халқына қызмет жолында сарп еткен біртуар тұлға. Ұлтының жарқын болашағы үшін жанын аямай күрескен, Ресей патшалық империясы тұсында бірнеше рет тұтқындалып, ақырында Сталиннің озбыр саясаты салдарынан дүниеден өткен, «асса – халқыңа, қалса өзіңе пайда келтіруді»¹ насихаттап, жеке бастың қамынан ел мүддесін жоғары қойған аптал азаматтың тауқыметке толы ғұмыры жайлы, қайраткерлік тұлғасы туралы, журналистігі жайында, педагог-ғалымдық еңбектері және әдеби шығармашылығы хақында сан салалы зерттеулер, пайымдаулар жасалуда десек те, бұл істер жалғасын табары даусыз. Себебі Міржақып мұрасы молдығымен ғана емес, жан-жақтылығымен ерекшеленетін, әрбіреуі өз алдына кесек дүниелер.

Міржақып Дулатұлы өмір сүрген кезең мен орта – әлеуметтік-саяси жағынан қазақ халқының тығырыққа тірелген тұсы. Патшалық Ресей басшылығының қарарымен орыс шаруаларының қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстандырылуы, ұлттық сана-сезімі төмен, білімі мен сауаты таяз, өз ішінде жік-жікке бөлінген жергілікті халықтың ынтымақтасып сыртқы озбырлыққа қарсы шықпауы Міржақып Дулатұлы сынды көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарды бейжай қалдыра алмады.

Білім жолын 1897 жылы Торғайдағы орыс-қазақ училищесінде бастаған Міржақып 1904 жылы сол кездегі қазақ зиялыларының орталығы Омбыға келіп, тайталасқа толы тынымсыз тірлікке араласып кетеді. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов т.б. сынды ұстаз ағаларынан саяси күрескерліктің сан қырын аз уақытта үйреніп үлгерген жас жігіт 1907 жылы Петербургте жалғыз ғана саны жарыққа шығып үлгерген «Серке» газетінде ішіндегі лықсыған ой-толғақты «Жастарға» айтып

¹М.Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы:** Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2003, 4-т., 13-б.

өлеңімен ақтара жылайды. Артынша сол газеттің шықпай қалуына себеп болған² «Қазағым менің, елім менің!» деген жарқын үндеумен басталатын «Біздің мақсаттарымыз» атты мақаласында ол «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады»³ дейді де, ары қарай салық жайын, Петербургтегі министрліктерге үміт артқан халық күйзелісін, чиновниктер мен урядниктердің озбырлығын т.б. ондаған мәселелерді сөз ете келіп, «Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселелеріне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды»⁴ – деп қынжылыс білдіреді. Қайраткерлік және журналистік жолының басында-ақ халқының дін бостандығын аңсағаны, дінді ділмен біте қайнасқан мәселе ретінде қарауы Міржақыптың бұл тұрғыдағы ұстанымынан хабардар етеді.

Жалпы Міржақып Дулатұлының ислами көзқарастары жайын екі тұрғыдан қарастырған жөн: біріншіден, оның жеке адам ретіндегі имани мәселелерге қатысы және сенімі. Әрбір адамның нанымы жүректің ісі болғандықтан және ол ұлы Жаратушыға ғана мәлім болатындықтан, бұл мәселені объективті бағалау мүмкін емес. Бұны тек субъектив тұрғыдан қарастырып, оның ғұмырбаяндық деректердегі өмірлік ұстанымдарынан, тілдік қорындағы сөздер жиілігінен, әдеби кейіпкерді сомдау барысындағы қолданыстарынан және мектеп-медресе оқулықтарын әзірлеудегі үрдістерінен аңғаруға болады. Екіншіден, Міржақып Дулатұлының мемлекеттік істердің басы-қасында жүріп жасаған еңбектерін, мақалаларын, құжаттық деректерді талдай келе, оның қайраткер ретінде тек қазақ емес, ісі мұсылманның дертіне дәрмен іздегенін, мұсылман ғұрпын ұстанғандарды ислами үрдістен ажыратпау керектігіне назар аударғандығын атап өту керек. Оның «Шорай ислам», «Қазақта мүфтилік мәселесі», «Хазірет Сұлтан», «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы», «Шәкірттер жайынан», «Мектеп-медреселер мәселесі» т.с.с. мақалаларында дін мәселесіне қатысты іргелі ойлары орын алған.

Алғаш білім нәрімен сусындаған Торғайдағы училищеде Міржақып қазақ тілінің грамматикасы, орыс тілі мен әдебиеті,

²20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті: Жаңаша бажайлау, Алматы, Ғылым, 1997, 427-б.

³М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы**: Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы 2003, 2-т., 29-б.

⁴Бұл да сонда.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

арифметика, география пәндерімен қатар араб жазуын және мұсылман дін ілімдерін үйренеді. Гете, Шиллер, Ломоносов, Пушкин, Лермонтов сынды батыс классиктерімен танысып қана қоймай, орта ғасырда күллі әлемге ислам ілімін таратушы, сопылықтың көрнекті өкілі, исламдағы адамгершіліктің символы және Аллаға құлшылық қылуда исі мұсылман жұртына үлгі ретінде танылған Желаледдин Руми мен Қожа Ахмет Иасауиді «бір тұтқан.»⁵ 11-12 ғасырларда бірі Түркістанда, екіншісі Анадолыда исламның, адамгершіліктің, жақсылықтың туын жоғары көтерген, барша адамзатты бауырға басудың жолдарын үйреткен, жарық дүниедегі жарқын өмір мен бақи дүние жайлы ойларын талдап түсіндіруді мақсұт еткен әйгілі «Диуани Хикмет» пен «Мәснәуиді» оқыған М.Дулатұлының мұсылманшылық негіздерін білгені – хақ. Ал ақын білім нәрімен сусындаған сол кезеңде мектеп бағдарламасында болған Молла Жәми шығармалары – ислам ұстанымдары жайлы терең түсіндірген бірден-бір қайнар көз болғаны анық.

1905-1910 жылдардағы саяси оқиғалар, қазақ зиялыларының ұлт, дін, жер бостандығы жолындағы үндеулері мен армандарының жиынтығы іспетті болған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы» 1909 жылы жарыққа шығады. Бұл – ашынған көңілдің жанайқайы еді. Патша жандайшаптарының соққысынан зәрезап күйдегі «жақсылықтың бәрін исламмен байланыстыратын»⁶ қазақ халқына ойтүрткі болған бұл шығарма жандарм чиновниктері тарапынан «.өзінің мазмұны жағынан бұл ислам дінін ұстанушылардың жолбастаушысы және қазақтар арасында орыс өкіметінің саясатына қарсы наразылық тудырушы»⁷ деп сипатталады. Әйтсе де халық «Оян, қазақты» Құрандай жаттайды.⁸ Патша империясы тұтқындап, басылуына тыйым салынған «Оян, қазақтың» маңыздылығы сонда – оны тек қазақ зиялылары ғана емес, ұлты басқа мұсылман дінінің өкілдері де таратуға атсалысқан. Орынбор мемлекеттік архивіндегі бір құжатта⁹ жандарм бастығына берілген рапортта былай делінген: «Ақмола губерниясына 1911 жылы маусым айында түскен домалақ арыз бойынша Ақмоланың 2 собор мешітінің имамы Махмұтовтан жауап алдым. Махмұтовтың іс жүргізу жөнінде

⁵ М.Дулатұлы, **Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер**, Алматы, Ғылым, 1997, 2-т., 6-б.

⁶ А.Букейханов, **Киргизы / Формы национального движения в советских государствах**, Петербург, 1910, с.577-600.

⁷ ЦИАЛ, 776-қор, 21-тізбе, 2-бөлім, 249-іс, 1-б.

⁸ Қ.Кемеңгеров, **Көркем әдебиет туралы**, Еңбекші қазақ, 1926, 1 декабрь.

⁹ 21-қор, 2-тізбе, 487-іс, 85-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

саяси ашығы ашылды. Ол мұсылман халықтарына қылмысты «Оян, қазақ!» басылымын таратып жүрген. 1912 жылдың 25 тамызында менің араласуыммен... Махмутов имам қызметінен босап, дала өлкелерінен үш жылға жер аударылды.» Осы жолдар «Оян, қазақтың» мұсылман жұртына беделді басылым болғанын айғақтайды, себебі бұл шығарма сол кезең мұсылмандары үшін тек қана рухани емес, саяси-әлеуметтік жағынан да сауаташар секілді таптырмас уағыз кітабы-тын. Ол кітап өзінің рухани маңызымен қатар, жоқтықтан қиналған бірқатар елге материалдық азық та болған.

1916 жылы жаппай жазалаудан қашып, аштық азабын тартқан қандастарына көмектесу мақсатымен М.Дулатұлы қазақ тарихында тұңғыш жәрдем қорын құрған, «сақтаулы «Оян, қазақтың» мың данасының ақшасын босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштағаны»¹⁰ жайлы өз жазбаларында деректер бар. Мұң-мұқтажға жәрдемдесу мақсатымен уақыф аталатын қор құру – жалпы ислам тарихында ертеден жалғасын тапқан дәстүр. Кейінірек осы бастамасын алға бастыру мақсатымен «Рулы елің қан жұтып отырғанда, сен май жұтпа!» деп халыққа үндеу тастап, Семей, Қызылжар қалаларында жәрдем қорларын ұйымдастырғаны да белгілі. М.Дулатұлының осы істермен исламдағы уақыф мәселесін қазақ арасында жандандыруды жоспарламағанына, марқұм әдебиеттанушы-ғалым Зәки Ахметов сипаттағандай, бұл тұста да «жаңа идеяның жаршысы» болмағанына кім кепіл?

«Оян, қазақ!» атына заты сай шығарма болғаны оның эпиграфынан-ақ аңғарылады:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харап боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты» –

деп шырқыраған ақын жер мен діннен айрылуды харап болу, яғни жойылып біту, түгесіліп, бар нәрседен құр алақан қалу деп түсіндіреді. Ал бұл тығырықтан шығудың екі жолы бар деп атап көрсетеді ақын. Алдымен діни ілімдерді жетік меңгеріп, нағыз исламды тану, шарттарын кәміл білу, сонан соң – білгенінді көпшілікке таныту, ұқтыру, сананы ояту, яғни ақырет камын жеу.

¹⁰ М. Дулатұлы, *Оян қазақ*, Қазақ, 1917, №233, 2-б.

«Әуелі үйренетін бір ғылымың –
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.»

Діни сауаты бар жан, иманы берік, діні бүтін азамат елін, жерін сүйеді, қара қылды қақ жарған әділеттілік жолын ұстануға тырысады, паракорлықтан, зұлымдықтан, жамандық атаулының бәрінен бойын аулақ салып, елдің жарқын болашағы үшін күреседі. Міржақып осыны парықтаған, ел ішіндегі бейбастақтықтың алдын алу тек ахиретке деген сенім арқылы жөнделетінін аңғарған. Екіншіден, осы дүниенің қажеттіліктерінен мақұрым қалмас үшін, өнер үйрену, орыс тілін меңгеру керектігі – сол кезеңнің талабы. Бұл жерде Міржақыптың көксегені – шын мәніндегі мұсылманшылық, ол дүмшелердің ел ішінде көбейіп кеткенін айтып, ислам атын жамылып халыққа зардабы тиіп жүргендерден бойды аулақ салуға, ал мұны жүзеге асыру үшін алдымен халықтың көзін ашу керектігіне назар аударады. Мұсылмандар арасындағы ауызбіршіліктің жоқтығын:

«Русияда жиырма миллион бар мұсылман
Жері жоқ осылардың бір қосылған»¹¹ деп айта келіп:

«Біз – дағы ғылым білсек етпес пе едік,

Ілгері озғандарға жетпес пе едік.

Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,

Һүнерлі халық атанып кетпес пе едік» – деп опына отырып, ізгі мақсатын жеткізеді. Осы жерде Міржақып ойының Ал-и Имран сүресінің 103-аятындағы «Ауызбіршілікпен Аллаһтың жібiнен (кітабынан, дінінен) айрылмаңдар. Бөлініп, алауыз болмаңдар. Аллаһтың сіздерге берген нығметтерін ойлаңдар»¹² – деген баянмен астасып жатқанын байқамау мүмкін емес. Бұл мақсатты жүзеге асыруда ел ішіндегі ат төбеліндей сауатты азаматтарға орасан міндет жүктелетінін де баса айтады. Күштінің әлсізге әлімжеттік қылуын сынай келіп, Міржақып былай дейді:

«Күштісі нашарларын шауып алып,

¹¹ М. Дулатұлы, *Оян қазақ*, Алматы, 1991, 23-б.

¹² *Құран Кәрім түсіндірмесі*, Түркия Вiн Iстерi Басқармасы, Анқара 2002, 49-б.

Бұрынғыда болмаған пәле болған.
Ел шауып, кісі өлтірсе, батыр деген
Батырлар пақырлардың хақын жеген»

«Батыры пақырдың хақын жеген» қоғам – діни бүтіндігі жоқ қоғам. Ақынның қынжылысына қарағанда, оған дейінгі дәуірде мұндай жайттар болмағаны, не аз болғаны, халықтың мұсылманшылығы басым болғаны байқалады, себебі Кұдайдан қорқып, құлдан ұялған, Құранға ден қойған пенде хақ-хұқыққа мән беріп, жан баласының ала жібін аттамаса керек-ті. Себебі ол, Талақ сүресінің 4-аятында айтылғандай, «Аллаһтан қорыққанға Аллаһтың әр ісінде жәрдем ететініне»¹³ шәксіз сенеді.

«Қазақ жерлері» деген өлеңінде ақын қазақ арасында кең тараған «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сенімге қарсы келіп жатқан орыс мұжықтарына айбар көрсетеді, кейістік білдіреді:

«Қасиетті бабамыздың зияраты
Қалдың ғой көшесінің арасында.
Моншаға зияраттың тасын алып
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да...»

Міржакып өлеңдерінің дені үгіт-насихат беруге арналған, ол ел арасында белең алған нашар мінездің көбейгеніне опынады, тығырықтан шығар жол көрсетеді. «Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздардың түйені түгімен жұтса-дағы харамнан нәпсілерін тыймайтындықтарына», «фітненің жолы ашылып кеткендігіне»¹⁴ назар аударып, өзін жігіт санайтындарды «жанын пида, малын тәрк етіп, дін, милләт деген сөздерге ынта қоюға»¹⁵ жанұшыра үндейді. Мұсылман ақлағында маңызды саналатын ынсап, ысырап, қызғаныш, адалдық мәселелерін ұдайы тілге тиек етеді:

«Шікірейіп, я, жігіттер, кетпелік,
Инсаплыққа ерсі жұмыс етпелік.
Қарастырып халық пайдасын жабылып,
Көмек беріп мұқтаждарға көптелік.

¹³ Бұл да сонда, 559-б.

¹⁴ М.Дулатұлы, *Оян қазақ*, Алматы, 1991, 19-б.

¹⁵ Бұл да сонда. 18-б.

Пайдасы жоқ исафтан бой тартып,
Керексізге бекер малды төкпелік.
Кадари хал біреу шықса талапкер
Рәд қылып хәсәдлікпен сөкпелік.»

Бүгінге дейін жасалған бағзы зерттеу еңбектерде, мәселен жапон ғалымы Уяма Томохиконың «Мировоззрение казахских интеллигентов в начале 20 в., о книге Мир-Якуба Дулатова «Проснись, казах!»¹⁶ атты диссертациясының авторефератында М. Дулатұлының жәдидшіл ағым өкілі екендігі, өз заманының моллаларын ірей сынағандығы, дегенмен алдымен мұсылман ілімдерімен қарулануға шақырғандығы, алайда бұл ғылымдарға нақты тоқталмағаны айтылады. Міржақыптың нені үйренуді меңзегенін түсіну үшін және бұл тұрғыда ой өрбіту үшін ислам ілімдері негіздерінен, мұсылманшылықтан хабардар болу жеткілікті.

Сенім, алдымен Алланы тануға деген ұмтылыстан, оның жаратқандарын танудан басталады. Бұл тұжырым ақынның «Я, Алла!» өлеңінде айшықтап берілген. Міржақып Алланың құдіретіне таң қала отырып, бүткіл болмыстың Жаратушысына шүбәсіз сенеді. Ғаламның жүзіне махлұқтарды, яғни жаратқандарын қоныстандырған, әлсіздерді күштілерге бағынышты еткен болмыстағы реттілікке, күллі адамзаттың жалғыз Адам атадан тарағанына деген таңданысы мен нанымын жасыра алмайды. Аспан асты, жер үстіндегі барша кереметті тамашалай отырып, барлық дертті де, дәрменді де жаратушы жалғыз Хақ екендігін мойындайды.

«Я, Алла! Ғаламыңды жаратқаның,
Жүзіне махлұқтарды таратқаның,
Өндіріп бір адамнан мұнша халық,
Әлсізді күштілерге қаратқаның.
Мынау – жер, тау менен тас, анау – көгің,
Өлшеусіз, түпсіз шыңырау дария көлің.
Мысқалы мың теңгелік асыл тастар,
Хастаға шипа болған жерде шөбің.»

¹⁶ Уяма Томохико, Автореферат диссертации: *Мировоззрение казахских интеллигентов в начале 20 в., о книге Мир-Якуба Дулатова «Проснись, казах!»*, Алматы 1997, 16-б.

Осы қатарларды зер салып оқығанда, Міржақыптың Құраннан, Алланың ұлылығынан бейхабар еместігі білінеді де, Муминун сүресінде (58-60 аят)¹⁷ сипатталатын «Раббына иланған, Раббына ортақ қоспаған, Раббына қайта оралатынын білгендіктен әрбір істеген ісін шын жүректен орындаған» муминдер қатарынан орын алуға деген ықыласы байқалады. Ақынның жоғарыдағы өлең жолдары оның тафаккур пиғылынан туған, яғни ол осынау жаратылған дүниенің не үшін бар болғанын, осыншама милләттің не үшін өмірге келіп-кетіп жататындығын, жаратылыс тылсымындағы даналықты – хикметті байыптауға ұмтылады. Даналықты – хикметті үйренудің жолы сауат ашу екендігіне ден қойған Міржақып 1923 жылы Орынборда жарыққа шыққан бастауыш мектепке арналған оқу құралы «Қирағат кітабына» Ахмет Байтұрсыновтың:

«Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріндер, іздеп, тауып алалық та!»

деген сөзін эпиграф етіп алады да, ары қарай кіріспе ретінде елге мәшһүр «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін таңдайды.¹⁸

«Бір Құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Істің болар қайыры

Бастасаңыз Аллалап,

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап...

Оқу білген таниды

Бір Жаратқан Құдайды;

Танымаған Құдайды

Не қылғанда ұнайды?»

¹⁷ Құран Кәрім түсіндірмесі, Түркия Вн Істері Басқармасы, Анкара 2002, 335-б.

¹⁸ М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары, Құрастырғандар:** Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы, Мектеп, 2004, 4-т., 19-20-б.

Бұл кездейсоқтық емес, әрине. Міржақып сеніміндегі ықылас оны әрбір істі Алланың атымен бастауға мәжбүрлеген. Оның сенген Алласы – «панасы күшті, нашарларды жылатпайтын» Қадір, Рахман, Рауф «қашқанның қуғанның соңғы тұрағы» Әууал және Аһир, «жоқтан бар жасайтын» Халиқ. Әсіресе Алланың Халиқ – Жаратушы сипатын айқынырақ беру мақсатымен ақын:

«Гамаша көз жеткісіз тоғайларың,

Жараттың бір секундта оңай бәрін.

Шадлықпен дүниеңнен орын алып,

Көкте – құс, суда – балық, тоғайда – аңың.»

деп Ал-и имран сүресіндегі 59-аятқа («Бол! деуі мұң екен, бола қалды») сілтеме жасайды. Сонан соң ақын әр қилы мәзхабтарға, мемлекеттерге, ұлт пен ұлысқа бөлінген адамзат баласының Аллаға деген сенімінің де әр түрлі екендігіне тоқталып өтеді. У.Томохико сынды ғалымдар өз зерттеулерінде М. Дулатұлы хақында «Он сознавал себя прежде всего казахом, а потом уже мусульманином, так же как и большинство казахов того времени»¹⁹ десе де, ақын ойы бұған кереғар:

«Қазақ жүр мұсылмандық жаласында,

Сайрандап сахараның даласында.

Файда деп күндіз-түні дамылы жоқ,

Ғибадат қылмай хаққа шамасында.

Дегенмен «мен мұсылман» іс бітпейді,

Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.

Қазақша киім киіп сөйлегенмен,

Мойныңнан фарыз, уәжіп бір түспейді.»²⁰-дейді.

Ақын өткінші пайда қуып жүрген халқының дінге деген салғырттығына, ғибадатқа деген немқұрайдылығына күйінеді, «қанша жерден қазақ болсаң да, мұсылманшылық парызы алдыңғы қатарда» дегенді айтады. Парыз – міндетті түрде мүминдер тарапынан орындалуға тиіс, жүзеге асырылмауы күнә саналатын Алла Тағаланың бұйрығы (Аллаға серік қоспау, иман

¹⁹ М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы**: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы 2004, 5-т., 38,-б.

²⁰ Бұл да сонда, 1-т, 42-б.

келтіру, намаз оқу, ораза тұту т.б. сияқты), уәжіп те әр мұсылманның борышы, орындауға тиіс мәжбүр амалы (үтір намазы, айт намазы), олай болса, парызға үндеген Міржақыптың мұсылманшылығында дау жоқ.

Ол «Мәсжід-медресе хақында» атты өлеңінде «мен – мұсылманмын» немесе «ата-бабам -мұсылман» деп кеудеге соққанмен, іс бітпейтіндігіне, мешіт салып, фазыл – парасатты, пайымды адамды имам сайлаудың, намазды қаза қылмаудың маңыздылығына тоқталады²¹. Мешіт салуға кедергі поп, миссионерлердің әрекеті және халықтың дінге деген ықылассыздығы, яки «қол созып мағрифатқа ұмтылмауы»²², «ғылым мен мағрифатты керек қылмай, надандық шәрбәтіне қануы»²³ (Мағрифат – Алланы тану), дегенді айта келіп, ақын тағы да ымыраға шақырады:

«Һүнерлі халықтардан өрнек алып,

Кел енді, бұл ғадетті тасталық та!»

Міржақып халқының басындағы ауыр ахуалдан, шегіне жеткен надандықтың қараңғылығынан шығудың жолдарын іздеп аласұрады, елдегі мүфтилік мәселесін реттеуге қатысты ойларын ортаға салады. Мұсылман дінінің ықпалын арттыру үшін «Қазақ халқына діни бір уағыз» өлеңінде Духовный собраниеге тіркелуді, әр волостың халық тарапынан сайланған молласы мен муәззіні болуын, олардың неке, талақ, мирас, жаназа істерімен айналысуын, указной молланың ояз ахундына, ояз ахундының облыстық ахундқа бағынышты болуын, әр болыста бірер мешіт болуын, мешіт қаражат мәселесін земство қарауын, оның жанынан медресе ашылып, ол медресенің мұсылманша және орысша білім беретін екі оқытушымен қамтамасыз етілуін²⁴ талап етеді. Сонымен қатар, байлардың жәрдем мақсатымен уақыф құру талабын да хукіметтің қолдағаны, заңды түрде бекіткені жөн дегенді айта келіп, ақын қайырымдылық жасағандар, «дін үшін һәм халық үшін бейнет көргендер қай орында жүрсе де қор болмас»²⁵, халықтың ризалығын алып, аттары тарихта қалар еді дейді. Сонда да ақын көңілі жабырқау, себебі:

«Болғандай халықтың өзі бейне қасты

Қылып жүр шарифатты аяқ асты...

²¹ Бұл да сонда, 1-т, 42-б.

²² Бұл да сонда, 45-б.

²³ Бұл да сонда, 54-б.

²⁴ Бұл да сонда, 46-47 б.

²⁵ Бұл да сонда, 48-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

Заманға қарай моллалар наданырақ,
Көбі қара қазақтан жаманырақ,
Білер-білмес оқумен молда болып,
Орынсыз сөзге ұмтылып, көбі ұрыншақ...
«Шала молла дін бұзар» деген мысал,
Тек мұнан Тәңрі өзі сақтағай-ақ.»- дейді

Дегенмен «үмітсіз – шайтан ғана» ұстанымына сенген мұсылман ретінде Міржақып «һүнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға» деген өлеңінде жігерлі жастарға үміт артады, олардың болашағынан жақсылық күтеді, аға ретінде оларға тілек тілеп, бата береді:

«Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып халық үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,
Бәйгеде ұлы дүбір жарысқаның...
Әуелі – Алла, екінші, білер халқың,
Риясыз көңіліңнің қалыстарын...
Өлсең – шаһид, тірісің ғазы болсаң,
Қызметке берер ажар құдірет кәрім.
Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,
Дін, дүние жемісі боп табыстарың.»²⁶

Айт – исі мұсылманның шаттыққа толы, берекелі шағы. Ғұмырының едәуір бөлігін қапаста өткізген М.Дулатұлы «Абақтыда айт күні» атты шығармасында түрмедегі «беттерінде қан тамшысы қалмағандықтан шаттануға да шамасы келмеген»²⁷ тұтқындардың да жазмыштарына мойынсұнған кейіптерін сипаттап жазған. «Хафа мен офа Алладан» дей отырып, ақын иманның маңызды шартының бірі – тағдырға сенуге назар аударады.

Шығармаларында Құраннан, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен мысал келтіре отырып:

«Мінеки соны айтқанға – бірнеше жыл,

²⁶ Бұл да сонда, 50-б.

²⁷ Бұл да сонда, 124-б.

Уақыты өткен нәрсенің бәрі де тұл.

«Оқымаған заманнан оқиды» деп

Пайғамбар хадис айтқан, оны да біл»

деген ақын үні бүгінгі ұрпақты да бейжай қалдырмауға тиіс.

Қорытынды ретінде

Қазақ елінің, қазақ жұртының тағдыры сынға түскен тарихи белестерде, алмағайып замандарда қазақ оқығандары жанқиярлықпен еңбек етті. Ұлт болашағын ойлап қам жеген, азап шеккен, осы мақсатта басын бәйгеге тігіп, жан қиған да Алаш арыстары болатын²⁸. Осындай атпал азаматтың бірі - Міржақып Дулатұлы. Оның мирасы саналатын өлеңдерінің әдеби туынды ретінде ғана емес, жалпы қазақ халқының рухани дүниесін қамтуы тұрғысынан алар орны ерекше.

Ұлттық сананы оятуды көксеп жазған өлеңдерінде ақын туған халқын ілім үйренуге үндей отырып, дүниеде қажетті өнермен қатар ақыреттік азықты жинаудың маңыздылығына назар аударады. «Мешіт-медресе хақында», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Мүдәрис З.. әфәндіге жазған бір мәктүбүм»²⁹ т.б. сияқты діни сарындағы өлеңдері – қазақ арасындағы ислам жайлы М.Дулатұлы ойларының тек бір парасы.

М. Дулатұлы «Қазақ халқының бас адамдарына»³⁰ атты мақаласында «Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз - бар қалтасы тесік, байларымыз бар - төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де, қосылмайды» деп өзі өмір сүрген дәуірдің ащы шындығын да атап айтқан. Алашқа жаны ашыған тұлғаның жүз жыл бұрын айтылған осы пікірі тәуелсіз Қазақстан қоғамының да жан жарасы десек артық айтқандық емес³¹. Дегенмен Алаш ғалымы армандаған «қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығаратын қаһармандардың»³² бүгінгі қазақ қоғамында күн санап артып келе жатқаны да көңіл қуантарлық жайт.

²⁸ Қансейіт Әбдезұлы, **Таным көкжиегі**, Алматы 2007, 13-б.

²⁹ М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы**: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы 2003, 1-т.

³⁰ М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы**: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы 2003, 3-т., 55-б.

³¹ Айгүл Ісімақова, **Алаш әдебиеттануы**, Алматы 2009, 273- б.

³² Бұл да сонда, 273-б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*

Қазақ пен мұсылман – егіз ұғым. Аталардан мұра боп жеткен дінімізге иелік жасау мақсатында соңғы кездері жасалып жатқан шаралар қатарында алдыңғы толқын ағалардың рухани мұраларын зерттеу жұмыстары да бар. Осы орайда қолға алынып жатқан істер - Міржақыптың өткен ғасыр қойнауынан келіп жеткен:

«Әлі де болса оянайық «Аллалап»

Жалыналық жаратқан хаққа пәнде етіп»³³

деп келетін дағуатына қосылған үлес. Дегенмен Алаштың біртуар азаматы Міржақып Дулатұлының рухани дүниелері әлі де болса егжей тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

ӘБДЕЗҰЛЫ, Қансейіт, Таным көкжиегі, Алматы 2007.,

БУКЕЙХАНОВ, Алихан, Киргизы/Формы национального движения в советских государствах. Петербург, 1910.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2002.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Бес томдық шығармалар жинағы, 2-том, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2003.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Бес томдық шығармалар жинағы, 3-том, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2003.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Бес томдық шығармалар жинағы, 4-том, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2003.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Бес томдық шығармалар жинағы, 5-том, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева, Алматы 2004.

ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Оян қазақ, Алматы, 1991.

³³ М. Дулатұлы, **Бес томдық шығармалар жинағы**: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер, Құрастырғандар: Гүлнар Дулатова, Сәбира Иманбаева Алматы, Мектеп, 2004, 5-т., 51-б.

-
- ДУЛАТҰЛЫ, Міржақып, Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер, Ғылым баспасы, Алматы 1997.
- КЕМЕҢГЕРОВ, Қошке, Көркем әдебиет туралы, Еңбекші қазақ, 1926, 1 декабрь.
- ҚҰРАН КӘРІМ ТҮСІНДІРМЕСІ, Түркия Дін Істері Басқармасы, Анкара 2002.
- ТОМОХИКО, Уяма, Автореферат диссертации: Мироззрение казахских интеллигентов в начале 20 в., о книге Мир-Якуба Дулатова «Проснись, казах!», Алматы 1997
- ЦГИАЛ, 776-қор, 21-тізбе, 2-бөлім, 249-іс, 1-б.
- 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: Жаңаша бажайлау, Алматы, Ғылым, 1997.
- «ЗАҢ» журналы, 2005, №7.
- ІСІМАҚОВА, Айгүл, Алаш әдебиеттануы, Алматы 2009.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 5/4 Fall 2010*